



Автор: Хасенова Нурбике Бирмагамбетовна

Пән: Математика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Жай бөлшектер және оларға амалдар қолдану

Тақырып: Жай бөлшектерді көбейту

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.1.2.21 жай бөлшектерді, аралас сандарды көбейтуді орындау; 5.1.2.22 берілген санға кері санды табу.
Сабақтың мақсаты:	Жай бөлшектерді көбейте алады; Жай бөлшектерді натурал санға көбейте алады; Аралас сандарды көбейте біледі; Кері сандарды таба біледі.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар : Пәнге қатысты лексика мен терминалогия Қазақ Орыс Ағылшын Бөлшек Дробь Fraction Бөлшектің алымы Числитель Numerator Бөлшектің бөлімі Знаменатель Denominator Аралас сан Смешанное число Mixed number Көбейту Умножение Multiplication Бөлшек сызығы Линия, дробь Fractional line Қатынас Отношение quotient Бөлшекті қысқарту Сократить дроби Reduce fractions Бөлшекті көбейту Умножение дробей Multiplying fractions Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер: Бөлшектерді көбейту үшін... Аралас сандарды көбейту үшін... Бөлшекті қысқарту үшін...
Күтілетін нәтиже:	Жай бөлшек пен аралас сандарды көбейтуді біледі, кері сандарды анықтай алады.
Бағалау критерийлері:	• Бөлшектерді дұрыс көбейте алады ; • Натурал санды бөлшекке көбейте алады; • Аралас сандарды көбейте алады ; • Кері сандар туралы түсінік қалыптасады.
Құндылықтарды дарыту:	Жай бөлшектер мен аралас сандарды көбейту амалын орындай білу біліктілігін қалыптастыру. Оқушыға бағытталған сұрақтар қою арқылы оқушыны өмір бойы білім алуға үйрету, сонымен қатар өзіне деген сенімділікті, ойын ашық жеткізуге мүмкіндік беру. Топтарға біріктіре отырып бір-бірімен ой бөлісуге , бір-бірінің пікіріне құрметпен қарауға, сыныпта ынтымақтастық атмосфераны қалыптастыру.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Жаңа тақырыпқа қатысты материалдарды слайд арқылы көрсетіп, интербелсенді тақтаны пайдалана отырып есептер шығарту арқылы оқушыларды АКТ қолдануды үйретемін, Bilimland сайты арқылы есеп шығару
Пәнаралық байланыс:	Анықтамаларды дұрыс, нақты айту арқылы қазақ тілі пәнімен және жаңа сабақтың мазмұнын ашу мақсатында физика , биология пәндерімен байланыс орнатамын.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (0-6 мин.)	Мотивациялық кезең : а) Оқушыларды сабаққа ынталандыру б) Сабаққа қатысушы оқушыларды түгендеу в) Үй тапсырмасы бойынша сұрақтарына жауап беру Оқушыларға бүгінгі сабақтың тақырыбы мен мақсаты айтылады . Тақырыпқа сай оқушыларға бүгінгі сабақтың мақсатын ашу үшін сұрақтар қояды. Қайталау есептері беріледі. Оқушыларды топқа бөліп алу үшін үлестірімелерді таратамын, нәтижелері бойынша топқа бөлінеді. Нәтижесінде оқушылар шағын үш топқа бөлінеді: 1 топ- дұрыс бөлшек, 2 топ – бұрыс бөлшек, 3 топ – аралас сан.	Жоспар

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (6-12)	Жаңа сабақ Мұғалім презентация мен оқулық арқылы жаңа тақырыпты түсіндіреді	Презентация Слайд 3-7 Алдамұратова Т. Математика 5 сынып Петерсон Л., Математика 5 класс
Мысалдар шығару (12-17)	Bilimland парақшасынан тақырыпқа байланысты тапсырмаларды шығару және тексеру	https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/5-synyp/zhaj-bolshekterdi-kobejtu?mid=e938d9e5-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe
Топтық жұмыс (8 мин) (17-24)	Оқу материалдарын бекіту мақсатында оқушылар төмендегі тапсырмаларды орындайды:	Презентация слайд 8 Алдамұратова Т. Математика 5 сынып Петерсон Л., Математика 5 класс
Жеке жұмыс(10 мин) (24-29)	Оқу материалдарын бекіту мақсатында оқушылар төмендегі тапсырмаларды орындайды:	Презентация слайд 9 Дифферен-циация
ҚБ (29-35)	Оқушылар қалыптастырушы бағалауды сабақтың соңғы кезеңінде жазады, 6 минут көлемінде. Бұл жұмыс оқушының бүгінгі сабақ қандай деңгейде түсінгендігін бағалау үшін қолданылады	Жоспар
Рефлексия (35-39)	Менің есіме түсті Менде қиындықтар болды Менің білгім келеді..... Мен орындай алдым Немесе Екі жұлдыз, бір тілек. Оқушылар бақыт ағашына іледі	Презентация слайд 10
Үй жұмысы (39-40)	Мұғалім үй тапсырмасын түсіндіріп, береді.	Жоспар